



Алтын Орда өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

● №19 (10 325)

● 22 мамыр

● жұма

● 2026 жыл

● aksuoniri@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ - ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ "АЛТЫН ОРДА – ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҮЛГІСІ: ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ, МӘДЕНИЕТ, БІРЕГЕЙЛІК" АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті жиынға қатысушылар!

Баршаңызға Алтын Орда тарихына арналған халықаралық симпозиумға қош келдіңіздер деп айтқым келеді. Ең алдымен, Астанаға арнайы келген қадірлі меймандарға шынайы ризашылығымды білдіремін. Менің алдымда сөз сөйлеген атақты ғалымдар мен беделді халықаралық ұйымдардың өкілдеріне алғыс айтамын. Сөздеріңіз мағыналы, мазмұнды болды.

Алтын Орда – Еуразияның ұлан-ғайыр аумағын еркін жайлап, Ұлы дала төсінде билік құрған қуатты империя болғанына ешқандай тарихшы күмән келтірмейді, бұл – мойындалған тарихи дерек.

Алтын Орда Батыс пен Шығысты жалғап, түрлі өркениеттердің дамуына, мемлекеттердің қалыптасуына ерекше ықпал еткен аса ірі саяси құрылым болды. Бұл да – дәлелденген дерек. Сондықтан Алтын Орда тарихы көптеген іргелі зерттеулерге арқау болғаны анық.

Дегенмен бұл тақырып әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ, меніңше, ешқашан жоғалтпайды. Бұл – ұлт жылнамасы мен әлем тарихы үшін өте маңызды мәселе. Біз халықаралық ғылым қауымдастығымен бірлесе отырып, осы тақырыпты жүйелі әрі жан-жақты зерделеу жұмысын жалғастыруымыз керек. Бірнеше күнге созылатын іс-шараның негізгі мақсаты да – осы.

Бұл тұста Қазақстанның бастамасына қолдау көрсеткені үшін ЮНЕСКО басшылығына ризашылығымды айтқым келеді. Бұл форумға қатысып отырған ЮНЕСКО-ның бұрынғы Бас директоры Одрэ Азуле ханымға алғысымды айтамын. Сіз Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы әріптестікті нығайтуға мол үлес қостыңыз.

Симпозиумның осындай беделді жаһандық ұйым аясында өтуі Алтын Орда мұрасының әлемдік ауқымдағы мән-мағынасы зор екенін көрсетеді. Бүгінгі жиынға ЮНЕСКО-ның жоғары деңгейдегі өкілі, Бүкіләлемдік мұралар орталығының директоры Элунду Ассомо Лазар мырза бастаған делегация қатысып отыр.

Жалпы, еліміз ЮНЕСКО-ның қолдауымен көптеген маңызды жобаны жүзеге асырды. Нақты айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Тамғалы тас петроглифтері, сондай-ақ бірнеше көне қала бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді.

Сонымен қатар ұлтымыздың материалдық емес мәдени мұраларын дәріптеу бағытында ауқымды жұмыс жүргізілді. Мәселен, былтыр ғана «Хандар шежіресі» деп аталатын бірегей қолжазба әлемдік деңгейде мойындалды. Бұл – ел билеген тұлғалар туралы мәліметтерді топтастырған, соның ішінде Алтын Орда кезеңін қамтыған құнды құжат. Сондықтан біз байланысымызды одан әрі дамытуға мүдделіміз. Бұл – өзара тиімді, маңызды шаруа.

Симпозиум Алтын Орда мен Ұлы дала тарихын зерделейтін түрлі мектеп өкілдерінің басын қосып отыр. Бұл – өте маңызды. Ұзақ жылдар бойы осы іргелі тақырыпты індете зерттеген ресейлік ғалымдардың рөлін атап өткен әділетті болар еді. Олар Алтын Орданың тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттайтын ғылымның мол қорын жинады. Сонымен қатар Алтын Орда тақырыбы бір ғана мемлекеттің шеңберінде шектеліп қалмай, Қытай, Моңғолия, АҚШ, Үндістан, Пәкістан, Жапония, Қырғызстан, Төзкестан, Мысыр және бірқатар Еуропа елдері зерттеушілерінің назарын аударып, бүкіл әлемді шарлап кетті десек болады.

Түптеп келгенде, Алтын Орда жылнамасы – адамзатқа ортақ тарих. Бүгін өтіп жатқан бірегей симпозиум әлемдік



ауқымдағы мұраны жүйелі зерттеу жұмысын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп сенемін. Осы жерде отырған ғалымдар мен сарапшылар бұл міндетті іске асыруға елеулі үлес қосуда. Бұл маңызды жұмыста сіздер оң нәтижеге қол жеткізесіздер деп сенемін.

Құрметті қатысушылар!

симпозиумға

Қазақстан Алтын Орда тарихын әлемдік жылнаманың күрделі, сан салалы кезеңі ретінде қарастырады. Өйткені бұған атүсті қарауға болмайды. Олай болған жағдайда әлемдік тарихтағы осындай бірегей құбылысқа қатысты ұстаным өзгереді. Ал ол мемлекеттер мен халықтар арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсіруі мүмкін. Өкінішке қарай, әлемдік маңызы бар ірі тарихи оқиғаларды бұрмалаған мысалдар қазір де кездеседі.

Геосаяси ахуал құбылып тұрған бүгінгідей заманда соғыстардың қасіретті хронологиясына байланып қалмай, адамзат тарихындағы жасампаз кезеңдер мен диалог алаңдарының нәтижелі сәттеріне мән берген жөн.

Әлбетте, бұл оңай міндет емес. Себебі тарлан тарихтың бағзы дәуірлерден бастап қазіргі дейінгі шежіресінде соғыстар мен қарулы қақтығыстар өте көп кездеседі. Мұндай көріністің қалыптасуы да түсінікті: бейбіт күндегі күйбең тіршілікті сипаттағаннан гөрі қан майдандағы бітіспес ұрыстарды жазған әлдеқайда жеңіл. Айтпақшы, Лев Толстойдың атақты «Соғыс және бейбітшілік» романы – бейбітшілікті емес, соғысты егжей-тегжейлі суреттеген шығарма.

Әлемдік қоғамдастық тарихи жолайықта тұр. Өркениетті таңдау алдындағы сындарлы сәтте ортақ тарихымызды халықтарды біріктіретін фактор ретінде ұшыну үшін беделді, кәсіби ғалымдардың қысқу бір арнаға тоғыстырған дұрыс. Бұл орайда тарихқа әділ әрі саяси тұрғыдан бейтарап баға беру маңызды. «Тарихты жеңімпаздар жазады» деген қағида татты ғылымға қарсы сипатын ұмытпаған жөн. Яғни, жеңімпаздарды жазғыруға болмайды, әлем тарихының төрінен орын алып, зерттеушілердің мақтау-мадағына ие болады. Ал шағын және орта мемлекеттер, соның ішінде майданда жеңіліс тапқан елдер тарихтың тасасында қалады.

Қазіргі заманда саясаттың пайдасы үшін көшпелі халықтарды жабайы, бей-берекет, тарих шеңберінен тыс күш ретінде көрсетіп, қуатты дала империяларын «мемлекет

деңгейіне жете алмаған» деп төмендететін ескі догмалар мен қасаң көзқарастарды қайта қарау үдерісі басталып кетті.

Бұл ретте біз шынайы тарихнаманы қалпына келтіре отырып, өткенді әсірелеуден аулақпыз. Тарих өзіне тәнті болған жалған әрекеттерді, ортақ мұраны жекелеген халықтың қанжығасына байлап беруді кешірмейді.

Кереғарлықтар мен кедергілерге толы бай тарихымызды біржақты түсіндіруге қойылатын талап ғылымның құлдырауына және өзара сенімнің жоғалуына әкелетін тұйыққа тірейді.

Сонымен қатар кәсіби тарихшылар қауымдастығында «жұмсақ күш» пен ғылыми дипломатияның өкілдері де бар. Олар саясаткерлер қамал тұрғызатын жерде көпір салуға қабілетті. Тарихшылардың миссиясы қазіргі алмағайып кезеңде маңызды болып тұр.

Алтын Орда дәуірі отандық тарихымыздың маңызды бөлігі, сонымен бірге біз бұл кезеңді ауқымды өркениет парадигмасы тұрғысынан қарастырамыз.

Көптеген халықтың тарихи жадында реформаторлар мен көрнекті ойшылдардың қалыпты тіршілігіне қарағанда, билеушілердің жорығы мен дарынды қолбасшылардың ерліктері сақталатынын жоғарыда айтып өттім.

Расында, соғыстардағы аңызға айналған жеңістер адамдардың рухын оятады. Ал тағдыршешті мәні уақыт өте келе байқалатын институционалды жаңашылдықтар мен озық идеяларға көпшілік селт ете қоймайды. Оған әлі күнге дейін Ұлы дала тарихының шексіз шайқастар мен ұрыстар ретінде бұрмаланып көрсетілуі нақты мысал бола алады.

Мұндай сыңаржақ ұстаным Ұлы даланың, әсіресе, Алтын Орданың күрделі, көп қатпарлы өмір салтын өскері шежірелерді ойдан шығарылған өлшемдеріне салып, тарихи шындықтан алыстатады, оқиғаларды көмескілендіре түседі.

Қазіргі ғылымның жоғары пәнаралық даму деңгейі Алтын Орда тарихын объективті зерттеу үдерістерін жетілдіруге мүмкіндік береді деп санаймын.

Бүгінгі жиында аталған кезеңді зерттеп жүрген беделді ғалымдар бас қосып отыр. Осы орайда Алтын Орда тарихын пәнаралық перспективасын кездейсоқ пайымдасуға бірқатар ғылыми ізденіске байланысты өз ойымды қысқаша жеткізім келеді.

БІРІНШІ. Зияткерлік мұраны зерделеу.

Алтын Орда феноменін мыңдаған жыл бойы Еуразия жүрегінде қалыптасқан бай интеллектуалдық кеңістіктен бөліп қарай алмаймыз. Орта ғасырларда Ұлы дала озық идеяларды ұсынған әлемдік орталықтардың біріне айналғаны мәлім.

Орталық Еуразиядағы көшпелілер тіршілігінен, түркі-моңғол мұраларынан, ислам дәстүрлерінен және христиан қауымдастығына жататын халықтардың дүниетанымдық қағидадарынан нәр алған ақыл-ойдың құнарлы топырақта қанат жаюы заңды еді. Бұл идеялар эволюциясы үздіксіз жүрген кезең әр ғасыр Ұлы даланың ақыл-ой кенін байытып, жаңа құндылықпен толықтырып отырды.

Осы терең сабақтастықты түйсінбей, Алтын Орданың өркендеу сырын объективті бағалау қиын. Әлбетте, бұл орайда Алтын Орданың негізі қаланғанға дейінгі кезеңдерде өмір сүрген әйгілі ойшылдардың ғылыми, философиялық, әдеби мұраларының мән-маңызы зор.

Ең алдымен, тарихта Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атымен мәлім әлемдік философияның негізін қалаушылардың бірі – Әбу Насыр әл-Фарабидің орны ерекше. Ол «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында өділдіктен айнымау, білімге құштарлық және адамгершілік қасиеттерді шыңдау арқылы баршаға бірдей игілікке қол жеткізуге болатынын жан-жақты айтқан. Оның ойлары түрік, мұсылман әлеміндегі кейінгі саяси-философиялық дәстүрлерді түсінуге маңызды бағдар болды.

Ұлы даланың зияткерлік мұрасында ғұлама Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы дараланып көрінеді. Ол жалпыға ортақ мұсылман құндылықтары мен жергілікті рухани дәстүрлерді үйлестірген «түркілік исламның» бастауында тұрды. Шын мәнінде, ол Ұлы дала халықтарына қазіргі дүниетанымыздың өзегіне айналған мүлдем жаңа идеологиялық доктрина ұсынды.

Ясауи хикметтері – Ұлы даланың мәдени коды. Ал ғұламаның Түркістандағы кесенесі – ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген нысан. Түркістан шаһары ғасырлар бойы өңірдің басты рухани және саяси орталығы болды. Қазіргі таңда ол түркі дүниесінің қасиетті қарашаңырағы саналады.

Әл-Фараби, Ясауи және басқа да әйгілі ойшылдар ілімінің Алтын Орда тұсында одан әрі дами түсуі заңдылық. Мәселен, түркі тілі, исламның кітаби дәстүрлері мен даланың санғасырлық даналығы дәл осы кезеңде бір-бірімен біте қайнасып, идеологиялық тұрғыдан ауқымы кеңейді. Бұл Алтын Орда кезеңінің әдебиетінде көрініс тауып, түркі халықтарының сөз өнері қанат жайған кезең ретінде бағаланды.

Халқымыз үшін Алтын Орда дәуірінен бүгінге дейін жеткен «Ақсақ құлан» күйінің символдық мәні зор. Биыл күйдің шыққанына 800 жыл толады. Бұл аңыз – Далбараның шанағынан шыққан Ұлы даланың үні, ұлтымыздың рухани байлығы.

Кетбұға, Асан Қайғы, Шалкиіз және Доспамбет секілді жыраулардың мұрасы біздің аймаққа тән дәстүрлі өнер жанрында бүгінге дейін жеткені кездейсоқ емес. Сол кезеңдегі жырларда (Ер Едіге, Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын) батырлардың ерлік жолы мен тарихи оқиғалар тізбегі жиі баяндалады. Бұл – қазақ, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ және басқа да халықтардың ортақ қазынасы.

(Басы. Соңы 2 - бетте).

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ - ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ "АЛТЫН ОРДА – ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҮЛГІСІ: ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ, МӘДЕНИЕТ, БІРЕГЕЙЛІК" АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Соңы. Басы 1 - бетте).

де Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесі сыр берген жоқ, яғни, тұрақтылығын сақтап қалды. Бұл жүйені кейін Еуразия аймағындағы көптеген мемлекет басшылыққа алғаны баршаңызға мәлім.

ҮШІНШІ өзекті мәселе. Алтын Орданың экономикалық құрылымын жан-жақты зерттеген жөн. Баршамызға белгілі, ежелдегі Месопатамия, Мысыр, Қытай, Үндістан өркениеттері көп жағдайда өзен аңғарларын игеру арқылы қалыптасты. Ал Ұлы дала мүлде басқа тарихи даму жолынан өтті.

Осыдан бес мың жыл бұрын қазіргі Қазақстанның солтүстігінде орналасқан Ботай жерінде адам баласы ең алғаш рет жылқыны қолға үйретті. Бұл әлем тарихына түбегейлі жаңа сипат берген оқиға болды. Атқа міну мәдениетімен қатар дала өркениетінде стратегиялық ойлау қабілеті және мейлінше қолайлы өмір сүру салты пайда болды.

Осылайша, Алтын Орда Еуразияның ұлан-ғайыр даласындағы барлық негізгі келік, сауда және гуманитарлық байланыстарды бақылауда ұстап, салт атты көшпенділер өркениетінің ең биік шыңна көтерілді. Бұл орайда, көшпенділік пен отырықшылық салтының үйлесім табуы Алтын Орданың тарих сахнасына жарқырай шығуының бірден-бір себебі болды деуге толық негіз бар.

Түптеп келгенде, Алтын Орда көшпенділер өмірін, қаладағы қолөнер мәдениеті мен сауда жолдарын өзара тығыз байланыста дамыту арқылы тұрақты ақша және салық жүйесі бар, экономикасы дамыған ел ретінде қалыптасты.

Көптеген беделді ғалымдардың пікірінше, қазір Алтын Орданың ақша жүйесінде мән-маңызы айрықша жаңалықтар ашылып жатыр. Археологтар осы кезге дейін беймәлім болып келген ондаған тиын сарайын тапты. Мамандардың айтуынша, нағыз өрлеу кезеңінде Алтын Ордада шамамен 28 миллион күміс тиын соғылған.

Қазіргі таңда мемлекеттік және жеке қордағы сол дәуірге тиесілі тиындардың жалпы саны бір миллионға жетеді. Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге атауы ұлыстың «дан» сөзінен тамыр тартады. «Деньги» сөзінің түбірі де осы ұғымнан тараған болуы мүмкін. Бұған жай ғана лингвистикалық сәйкестік ретінде қарауға болмайды. Бұл – кең байтақ аймағымызда пайда болған ақша жүйесінің Алтын Орда заманында жасалғанын көрсететін нақты дәлел.

Алтын Орда Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағын түгел бақылауда ұстап, даланы қауіпсіз тасымал дәлізі ретінде дамытты. Жошы Ұлысының аумағы арқылы жыл сайын мыңдаған тонна тауар өтіп жатты. Атап айтқанда: Қытайдан – жібек, Үндістаннан – дәмдеуіштер, Ресей жерінен – тері өнімдері, Еуропадан, Таяу және Орта Шығыс елдерінен – қолөнер бұйымдары тасымалданды.

Алтын Орда сол кезеңдегі көптеген мемлекетке қарағанда өз дамуында стратегиялық ашықтық қағидатына берік болды. Бұл ұстаным қалалардың тұрпатынан да анық байқалды. Себебі ұлыс гүлденіп тұрған заманда қалаларды биік қамалмен қоршап, тұйықтау болған жоқ. Өр қала қарқынды сауда орталығы ретінде адамдардың еркін қозғалысына бейімделіп, дамыды. Бұл тәжірибе дала мен қала арасында қақтығыстар толастамады деген аңыз өңгімелерді түбегейлі жоққа шығарады. Керісінше, осы байланыстар орта ғасырдағы ең оңтайлы мемлекеттік үлгісінің негізін қалады.

Алтын Орда дәуірінен қалған қалалардың материалдық-мәдени мұралары – соның айқын көрінісі. Ғалымдардың мәліметіне сәйкес, алып империяның құрамында жүзден астам шаһар болған. Алтын Орда дәуірінде қала тұрғындарының тұрмысын жақсарту үшін озық инженерлік тәсілдер қолданылды. Мұны түрлі археологиялық қазба жұмыстарынан анық байқауға болады.

Сол замандағы өндіріс пен құрылыстың қарқынды дамығанын Алтын Ордада жасалған кірпіштердің Ертіс пен Дунай аралығында кеңінен қолданылғанынан аңғаруға болады. Еуразияның түкпір-түкпіріндегі іскер адамдардың сауда жасауына, кәсіппен еркін айналысуына қолайлы жағдай жасалды. Осылайша, Жошы ұлысы алғашқылардың бірі болып

жаһандық нарық қалыптастырды. Сол арқылы бүкіл аймақтың өсіп-өркендеуіне жол ашты.

Өрине, мен ұсынған зерттеу бағыттарымен шектеліп қалуға болмайды. Мен сіздер секілді көне дәуірді зерттеп жүрген тарихшы-ғалым емеспін. Қазіргі таңда Алтын Орданың тарихын тек әскери-саяси тұрғыдан бағалаудан аулақ болып, оның рөлін жаңаша пайымдау керек. Бұл – осы бағыттағы ізденістердің аясын кеңейтуге септігін тигізетін бағдар ғана.

Жошы Ұлысының мол зияткерлік және рухани дәстүрі, тиімді басқару институттары мен дамыған экономикасы болды. Осы алып өркениеттің қыр-сырын толық ашу маңызды. Бұл өткенді ғылыми тұрғыдан қайта зерделеу, сондай-ақ, Орталық Еуразия халықтарының мемлекеттілік бастауын, бірегейлігін және ортақ тарихын терең түсіну үшін қажет.

Құрметті ғалымдар және сарапшылар!

Баршаңызға белгілі, Қазақстан соңғы жылдары ауқымды саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асырып жатыр. Мұның еліміз үшін аса маңызды және өте жауапты қадам екені сөзсіз. Сондықтан біз алдымызда тұрған міндетті де жақсы түсінеміз: сана өзгермей, қоғам да жаңғырмайды, мемлекет те өркендемейді. Бұл – ақиқат.

Соның ішінде тарихи сабақтастықты сақтау мәселесі аса өзекті. Онсыз ешқандай даму болмайтыны анық. Өткенге құрметпен қарамасақ, жарқын болашаққа қарай бет алу да қиын болмақ. Сол себепті біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарай нық сеніммен қадам басамыз.

Жалпыұлттық референдумда қабылданған жаңа Конституцияда мыңдаған жылдарға созылатын тарих бар Ұлы дала сабақтастығын сақтау қастерлі парыз екені нақты көрсетілді. Өйткені біз – мемлекет ісінде «Мәңгілік ел» идеясын ту еткен Алтын Орданың тікелей мұрагеріміз.

Алтын Орда мұрасы – ұшан-теңіз. Біз осы алып рухани, тарихи қазынамызды ХХІ ғасырға бейімдеп, жаңғырту үшін жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Менің бастамамен Қазақстанда Жошы Ұлысын зерделеу институты құрылды. Бұл – осы тақырыпты терең зерттеумен айналысатын тұңғыш ғылыми мекеме. Қазіргі таңда өзірленіп жатқан Қазақстан тарихының академиялық жинағында алғаш рет Алтын Ордаға жеке том арналып отыр.

Жошы Ұлысының мол тарихи-мәдени мұрасын жұрт жадында жаңғырту үшін фильмдер түсіріліп, кітаптар шығарылып жатыр. Сондай-ақ, спектакльдер де қойылып, ескерткіштер орнатылып, көрмелер өткізілуде. Алайда Алтын Орданың мән-маңызын терең зерделеу, оның тарихи рөлін жан-жақты насихаттау үшін мүлде жаңа, яғни, халықаралық ауқымдағы жұмыс істелуі қажет.

Мен жақында Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде Дала өркениетін дәріптеуге арналған арнайы орталық құруды ұсындым. Сонымен қатар Алтын Орда мәселесін зерделеу жүрген шетел мамандарын жұмылдырып, баспа саласына қатысты іргелі бастамаларды қолға алу қажет.

Креативті индустрия және медиа бағытындағы түрлі жобалар, ең алдымен, академиялық зерттеулерге арқа сүйеуі керек. Жаһандану, жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде көшпенділік, яғни, номадизм тұжырымдамасы туралы жаңаша көзқарас қалыптастыру – өте маңызды. Бүгінде бұл ұғымның сипатын «цифрлық көшпенділердің» жасампаз рухы мен сарқылмас күш-қуатынан айқын көруге болады.

Әділдік, ашықтық және мәдениеттер диалогы – Дала өркениетіне арқау болған құндылықтар. Осы мемлекеттік дәстүрін жан-жақты зерттеу бүкіл Орталық Еуразияның ұзақ мерзімді дамуына ықпал етері сөзсіз. Қазір бұл аймақ жаңа сипаттағы қайта өрлеу, яғни, ренессанс кезеңіне қадам басты деп айтуға болады.

Біз әлемдегі маңызды геосаяси және өркениет орталығы ретінде өз тарихи миссиямызды қайта жаңғырта бастадық. Бұл үдерісте халықтарымыздың, соның ішінде, өскелең ұрпақтың теңдессіз рухы мен

күш-қуаты шешуші рөл атқарады. Соның арқасында қазір біз алдымызға биік мақсаттар қойып, маңызды міндеттерді орындап келеміз.

Сондықтан ата-бабадан қалған мол мұраны қазіргі заманғы құндылықтарымен және озық технологиямен ұштастыру – маңызды.

Тарихты зерттеу дегеніміз – өткенмен өмір сүру немесе кенені көксеу емес. Ескіліктің шырмауында қалу – надандық пен қараңғылыққа апаратын жол.

Түп-тамырымызды толыққанды танып-білу арқылы ұлт дамуының көкжиегін кеңейте түсу қажет. Біз осы қағиданы терең түсіне отырып, жаңа Ата заңда мәдени мұраларымызды сақтауға, білім мен ғылымды, инновацияны дамытуға айрықша басымдық бердік. Бұл маңызды жұмысты бастап та кеттік.

Мен бір апта бұрын Жасанды интеллектің орта білім беру жүйесіне енгізу туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым. Баршаңызға белгілі, қазіргі заманауи технология өмірдің барлық саласына түбегейлі еніп, ауқымды өзгерістерге жол ашып жатыр. Бұл үрдіс адамзат болашағына тікелей ықпал етері анық.

Бір сөзбен, озық технология күн сайын аса жоғары қарқынмен дамуда. Бұл – ХХІ ғасырдың ақиқаты. Біз мұны жақсы түсінеміз. Сондықтан заман талабына тез бейімделе алатын зерделі ұрпақ тәрбиелеуге баса мән беріп отырмыз. Бұл бағытта көптеген бастаманы қолға алып жатырмыз.

Биыл тамызда елімізде ЮНЕСКО-ның қолдауымен жасанды интеллект бойынша халықаралық олимпиада өтеді. Аталған білім додасына 100 елден келетін оқушылар мен студенттер қатыспақ. Бұған қоса, елімізде «Дүниежүзілік көшпенділер ойындары», «Болашақ ойындары» сияқты бірегей жобалар кеңінен дәріптелуде. Сондай-ақ, осы жылы күзде Астанада тұңғыш рет AI Film фестивалі өткізілмек.

Біз жаңа цифрлық және көлік дәліздерін, мәліметтерді сақтау орталықтарын ашу үшін жүйелі жұмыс жүргізіп жатырмыз. Сол арқылы Ұлы Жібек жолын жаңаша сипатта жаңғыртып, көне ғасырлардағы әйгілі кітапханалардың заманауи нұсқасын ұсынуға мүмкіндік туады. Бұл, шын мәнінде, дәстүр мен жаңашылдық үйлесім тапқан озық заманның көрінісі болмақ.

Қайталап айтамын: тарихтың дәрістері дамуға бет алған болашақпен үндескенде ғана өркендеу жолына түсеміз. Бұл орайда, Алтын Орданың сан қилы тарихи мән-тағдыры мемлекеттердің күш-қуаты түрлі мәдениеттерді нәтижелі гуманитарлық және саяси серіктестіктің бірыңғай жүйесіне біріктіре алуынан көрінетінін еске салады.

Осы стратегиялық бағытты ұстана отырып, Қазақстан түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын белсенді түрде дамытуды, аймақ елдерінің экономикалық және технологиялық әлеуетін нығайту үшін Еуразия кеңістігіндегі өзара ықпалдастық идеясын жан-жақты ілгерілетуді жан-жақты қолдайды. Мысалы, 2025 жылы ШЫҰ саммитінде «ТрансАлтай диалогы» бастамасын көтердім. Бұл идея Ресейдің «Алтай – түркілердің ата қонысы» тұжырымдамасымен үйлеседі.

Жалпы, тарихтан тартыс құралын жасауға болмайды. Тарих халықтардың арасын жалғайтын алтын көпір ретінде әділетті әрі қауіпсіз әлем құруға ықпал етуі қажет. Сол үшін ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, бірлесе әрекет етуіміз қажет. Бұл мәселеде ғылыми қауымдастық айрықша рөл атқаратыны анық.

Бүгінгі жиында айтылатын салмақты ойлар мен ұтымды ұсыныстар жаңа ғылыми өнбектерге, халықаралық жобалар мен экспедицияларға негіз болатыны сөзсіз. Біз бұл симпозиумды тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отырмыз.

Сіздер алдағы уақытта да осы маңызды жұмысқа мол үлес қоса бересіздер деп ойлаймын. Баршаңызға тағы да зор алғыс айтамын. Шын мәнінде, бүгінгі симпозиумның тарихи мәні айрықша. Осы маңызды жиынның қорытындысы бойынша арнайы қарар қабылданады. Бұл құжат Алтын Орданың тарихи мән-мұрасын зерттеу жұмысына тың серпін береді деп сенемін. Еңбектеріңіз жемісті болсын!



Осы зияткерлік және рухани сабақтастық сан ғасырларды көктей өтіп, хакім Абайдың шығармаларынан көрініс тапты. Ұлы ойшыл «Толық адам» тұжырымдамасы арқылы кемеңгер тұлға тәрбиелеудің формуласын ұсынды. Оның өзегінде «нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» ұштағаны тұр.

Сондықтан Ұлы даланың интеллектуалдық мұрасын табиғи түрде қалыптасқан, біздің өңірге тән идеологиялық субстанция ретінде атасақ, артық болмайды. Осынау рухани қазынаның бүкіл әлем үшін мән-маңызы зор. Бұл – біртұтас философиялық, идеологиялық мұра. Қазақстан осы идеялық құндылықтарды бағдар етуге және оны жан-жақты дәріптеуге ниетті. Сол үшін «Al-Farabi», «Qoja Ahmet Yasaui» ордендерін мемлекеттік марапаттар тізіміне енгіздік. Бұл жоғары наградалар ғылым мен руханиятты дамытуға айрықша үлес қосқан тұлғаларға, саяси және шетелдік ғалымдарға, саяси және қоғам қайраткерлеріне табысталады.

Таяуда ғана елімізге мемлекеттік сапармен келген Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған «Qoja Ahmet Yasaui» орденінің тұңғыш иегері атанды. Осылайша, біз тарихи тағдыры ортақ туысқан халықтардың келешегі жолындағы ақыл-ой еңбегі мен ырысты ынтымақтың маңызды екенін айрықша атап көрсетеміз.

ЕКІНШІ маңызды мәселе. Меніңше, Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесін мұқият зерделеу қажет. Жошы ұлысының дәуірлеп тұрған кездегі аумағы 6 миллион шаршы шақырымды алып жатты. Тіпті, Рим империясының ең айбынды кезеңінде мұндай жер көлемі болмаған. Кейбір тарихшылардың пікірі бойынша, Алтын Орданың Дала Римі деп аталуы да – осыдан. Бірақ алып империяның қуаты жерінің көлемінде емес, оның институционалдық негізі, яғни, мемлекеттік басқару жүйесінің мықты болуында еді.

Жошы ұрпақтары Хань немесе Габсбург династиялары секілді ғасырлар бойы, яғни, 600 жылдан астам уақыт Ұлы дала төсіндегі түрлі мемлекеттік құрылымдарға билік жүргізді.

Бұл Жошы ханның ұрпақтары құрған мемлекет жүйесі тұрақты әрі өміршең болғанын көрсетеді. Соның арқасында әртүрлі этнос пен дін өкілдері тату-тәтті өмір сүрді.

Алтын Орда дәуірінде Дала заңы мен ислам құқығының үйлесімді жүйесі қалыптасты. Ал, қоғамдық тәртіп қағидатының бастауында Түрік қағанатының құқықтық мәдениеті мен Шыңғыс ханның «Ұлы жасақ» заңы тұрды. Заң үстемдік құрған алып империяның әр түкпірінде адамның және оның мал-мүлкінің қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілді. Бұл – қоғамдық тәртіп болды деген сөз.

Бұдан бөлек, Алтын Орда заманында озық іс жүргізу жүйесінің болғаны туралы нақты тарихи деректер бар. Сондай-ақ Құрылтай институты дала демократиясының бірегей үлгісі ретінде қызмет етті.

Ұлыстың әлеуметтік құрылымы айқын әрі тұрақты болса да, қоғамда қатып қалған қағида емес, әділдік басты рөл атқарды. Әскерде және мемлекеттік аппаратта төмірдей тәртіпке, мінсіз қызмет пен меритократия қағидасына ерекше назар аударылды. Мұның бәрі алып державаны мекен еткен барлық этнос және түрлі топ өкілдеріне мол мүмкіндік берді.

Осылайша, ұтымды ішкі және сыртқы саясаттың арқасында қоғамда тұрақтылық сақталды, мемлекет те өсіп-өркендеді. Алтын Орда Мысыр мәмлүктерімен, Ватиканмен, Византиямен, Осман империясымен және Еуропа елдерімен тығыз дипломатиялық байланыс орнатты.

Жалпы, тарихта «Ұлы дүрбелең» деген атпен қалған саяси дағдарыс кезінде

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АЛТЫН ОРДА МҰРАСЫНА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТЫҚ КӨРМЕМЕН ТАНЫСТЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алтын Орда тарихына қатысты археологиялық, жазба және мәдени жәдігерлер қойылған экспозицияны аралап көрді.

Мемлекет басшысына 70 археологиялық және сәулеттік ескерткішті қамтитын интерактивті карта, соның ішінде 17 нысанға кеңейтілген сипаттама, әуеден түсірілген фотосуреттер мен 3D-визуализация көрсетілді.

Көрмедегі негізгі жәдігерлердің бірі – дәуір билеушілері мен тарихи тұлғалар туралы генеалогиялық мәліметтерді қамтитын «Хандар шежіресі» атты қолжазба. Сонымен қатар Каталон атласы, жазба деректер, теңгелер және тұрмыстық бұйымдар бар. Жазба мұралар арасында 3 жарлық, 4 дипломатиялық хат пен 21 қолжазба түпнұсқа және электронды форматта ұсынылған.

Көрменің мақсаты – Алтын Орданың тарихи-мәдени мұрасын жан-жақты насихаттау және оның ғылыми зерттеу аясын кеңейту.

ҚҰРЫЛЫС

ЖЕТІСУДАҒЫ БІР АУЫЛДА ЕКІ БІРДЕЙ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН ЖАҢАРДЫ

Ескелді ауданы Елтай ауылында қос бірдей әлеуметтік нысан жаңарды. Атап айтқанда, С.Сейфуллин атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектептің күрделі жөндеуі аяқталса, медициналық қызмет көрсетуге арналған дәрігерлік амбулатория жаңадан салынып, қолданысқа берілмек. Ескелді ауданына барған жұмыс сапары барысында облыс әкімі Бейбіт Исабаев аталған нысандарда болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Елтай ауылындағы С.Сейфуллин атындағы орта мектеп 1986 жылы салынған. Мұндағы құрылыс жұмыстары өткен жылдың мамыр айында басталған болатын. Бүгін күнде дайындық деңгейі – 95%. Қазір жұмысшылар кабинеттерді, дөліз бен фойені тазарту жұмыстарын атқарып жатыр.

Мектеп директоры Венера Толымбекова ғимараттың жөндеуден кейінгі ішкі жағдайымен таныстырып, нысанның алдағы жұмысы туралы баяндады.

- Қазіргі таңда бізде 552 оқушы бар. Өзірге оқушылар көрші ауылдағы мектептерге оқып жатыр. Оқушылар үшін мектеп автобусымен арнайы тасымал ұйымдастырылған. Жаңа оқу жылынан өз мектебімізде оқитын болады, - деді мектеп басшысы.

Облыс әкімі ғимаратты аралап көріп, сыртқы абаттандырылу жұмыстарының жоспары жайлы сұрап білді. Жауапты тұлғаларға аумақты көгалдандыруға, көк шөп, отырғызып, оны суаруда сауатты көзқарас қажет екенін айтты. Алдағы уақытта мұндай үлкен мектептердегі құрылыс жұмыстарын жобалау кезінде жасыл желегін күтіп-баптауға автоматты суару жүйесін жобалау бірге қарастыру керектігін тиісті басқармаларға ескертті. «Жөндеу жұмыстарын сапалы аяқтап қана қоймай, білім ошағының айналасында балаларға, ата-аналарға, педагогтар үшін ыңғайлы, қауіпсіз әрі өдемі орта қалыптастыру да маңызды», - деді Б. Исабаев.

Мұнан соң облыс әкімі Елтай ауылында жаңадан салынған ауылдық дәрігерлік амбулаторияға барды. Бұған дейін мұндағы медициналық нысан ескі ғимаратта отырған. Сондықтан жаңа нысанның салынуы тұрғындар үшін қуанышты жаңалық болып отыр.

Ғимарат барлық қажетті медициналық құралдармен жабдықталған. Мұнда 1 дәрігер, 5 медбике, 1 акушерка, басқа да мамандарды қосқанда жалпы саны 13 адам жұмыс істейді. Сондай-ақ күндізгі стационар қарастырылған. Соның арқасында жергілікті халық бұрынғыдай аудан орталығына сабылудың машақатынан құтылмақ.

Ауыл тұрғыны Нұртай Қайырбаев жаңа амбулаторияның жанында тұрады. Ол тұрғындардың атынан ауылдағы мәселелерге көңіл бөлінгеніне ризашылығын білдірді.

- Бұрын біздегі медициналық нысан ескі, шағын ғимаратта болған. Жаңа амбулаториямен оны салыстыруға келмейді. Менің төрт балам, жеті немерем бар. Бізге мектептің, амбулаторияның жақын болғаны жақсы, өйткені бұл ауылда тұратын азаматтар үшін өмір сүруге қолайлы жағдай жасалғаны маңызды. Қазіргі кезде ауылымыз барған сайын жақсы жағына өзгеріп жатыр, оны халық көзімен көріп, сезініп отыр, - деді ол.

Нысандағы жұмыс кабинеттерін аралап көрген облыс әкімі құрылыстың сапасына оң баға берді. Алдағы уақытта ғимаратты табиғи газға қосу қажеттігін, ал қатты отынмен жылыту жүйесі баламалы жылу көзі ретінде сақталып тұрғаны жөн екенін айтты. Сондай-ақ ауланы абаттандыру жұмыстарына ерекше назар аударуды тапсырды. Нысан қолданысқа дайын.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЕЛІМІЗДІ АВИАЦИЯЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ТАПСЫРМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ: ҮКІМЕТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ, СЕРВИС ПЕН ТЕХНИКАНЫ ЖАҢАРТУ БОЙЫНША ЖҮМЫСТЫ КҮШЕЙТЕДІ

Премьер - министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында авиация саласын дамыту және цифрландыру мәселелері қаралды. Жиында көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, көлік вице-министрі Гүлзат Көбенова, Қазақстанның авиациялық әкімшілігінің басшысы Майкл Дэниел, сондай-ақ Air Astana, TransInfoTech компанияларының, Жалпы мақсаттағы авиация пилоттары қауымдастығының және Шығыс Қазақстан, Павлодар, Маңғыстау және Қостанай облыстары әкімдіктерінің басшылығы баяндама жасады.

Премьер-министр Мемлекет басшысы еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамытуға ерекше назар аударатынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы біздің алдымызға Қазақстанды өңірдегі жетекші авиациялық хабқа айналдыру туралы стратегиялық міндет қойды. Аталған мақсатқа жету үшін қолданыстағы әуежай инфрақұрылымын жаңғырту, отандық және халықаралық әуе компанияларына қолайлы жағдай жасау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда», - деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкіметте қабылданған шаралар аясында әуе кемелерінің паркі мен ұшу географиясы кеңейіп келеді. Цифрлық шешімдер, соның ішінде жасанды интеллект технологиялары белсенді түрде енгізілуде. Премьер-министр Көлік министрлігі қажетті инфрақұрылымды, сервис пен техниканы үнемі жаңартып, нарық пен технологияларға әрдайым талдау жүргізіп отыруы тиіс екенін атап өтті.

А в и а т а с ы м а л д а р д ы ң жаһандық өсуі жағдайында отандық авиация саласын дамыту перспективаларына ерекше назар аударылды. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) стратегиялық жоспарына сәйкес, 2050 жылға қарай жолаушылар саны жылына 12 млрд-тан асады, ал коммерциялық ұшақтардың әлемдік паркі 2034 жылға қарай екі есеге артады. Осыған орай Қазақстан әлемдік авиацияның жаһандық жүйесіне ене отырып, өз орнын иеленуі қажет екені атап өтілді.

Тиісті ведомствоға жаңа халықаралық бағыттарды, атап айтқанда, Еуропалық Одақ елдері мен АҚШ-қа рейстер ашу жұмысын жеделдету қажеттігі, сондай-ақ, билет бағасы бәсекеге қабілетті болуы тиіс екені айтылды.

Астанада ұшатын халықаралық әуе бағыттарына ерекше назар аударған жөн.



Осыған орай Көлік министрлігіне Air Astana компаниясымен бірге осы жылдың соңына дейін елордамыздан Токио мен Нью-Йоркке, ал 2027 жылы – Астана-Лондон, Париж, Рим, Вена сияқты Еуропа елдерінің астаналары мен басқа да қалаларына тікелей әуе қатынастарын ашу тапсырылды. Премьер-министр инвесторлар мен туристер тартуда бұл өте маңызды мәселе екенін атап өтті.

Үкімет Қазақстанға шетелдік әуе компанияларының келуі, сондай-ақ транзиттік жүк рейстерінің санын арттыру мақсатында авиацияның бағасын тиімді етті. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында елімізде жүк тасымалдайтын отандық әуе компаниясын құру жобасы жүзеге асырылуда. Биыл қазан айында алғашқы жүк борты Қазақстанға жеткізілуі тиіс. Көлік министрлігіне осы мәселені ерекше бақылауда ұстау тапсырылды.

Сонымен қатар еліміздің авиация саласын одан әрі дамыту үшін кадрлық әлеуетті күшейту қажеттігін атап өтілді. саланы табысты дамыту үшін білікті мамандар қатарын айтарлықтай ұлғайту қажет. Ғылым және жоғары білім министрлігіне Көлік министрлігімен бірлесіп, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін авиациялық оқу орталығын құру бойынша шаралар қабылдау тапсырылды. Азаматтық авиация академиясы жаңа деңгейге көтеріліп, сертификатталған және әлем мойындайтын мамандарды дайындауы қажет. Шағын және өңірлік авиация үшін кадрларды даярлау кезінде авиация саласындағы қолданыстағы оқу орталықтарын пайдаланған жөн.

Сондай-ақ, ел ішіндегі коммерциялық тасымалдарға түсетін жүктемесін азайтуға және азаматтардың қозғалысын ыңғайлы етуге мүмкіндік беретін шағын авиацияны дамыту қажет. Сонымен қатар Көлік министрлігі мен Қазақавионавигацияға қазірден бастап әуе көлігінің барлық түрін басқарудың бірыңғай

автоматтандырылған жүйесін құру тапсырды.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді.

Бірінші. Көлік министрлігі осы жылдың соңына дейін Азаматтық авиацияны дамытудың 2050 жылға дейінгі мастер-жоспарын (СAMP-2050) бекіту жөнінде шаралар қабылдауы қажет.

Шағын және өңірлік авиацияны, пилотсыз әуе көлігін дамыту, сондай-ақ жаңа баламалы отынды пайдалану мен сақтаудың озық технологияларын енгізу шаралары міндетті түрде көзделуі тиіс.

Екінші. Еуропадағы EASA және АҚШ-тағы FAA сияқты әлемдік реттеушілер коммерциялық аэро-такси аппараттарын сертифициаттау қағидаларын әзірледі.

Аэро-такси, дрондар мен басқа да ұшу аппараттарының жаңа түрлерін іске қосуға дайын болу керек.

Көлік министрлігі биылғы маусым айының соңына дейін қалалық әуе ұтқырлығы (UAM) мәселелері бойынша қажетті заңнамалық түзетулерді қабылдауды қамтамасыз етуі керек.

Үшінші. Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Қостанай, Павлодар облыстарының әкімдіктері белгіленген мерзімдерді қатаң сақтай отырып, Катонқарағай, Зайсан, Кендірлі және Арқалық әуежайларын биыл уақтылы пайдалануға беріп, сондай-ақ Павлодардағы әуежайды жаңғырту жұмыстарын аяқтауы қажет.

Жалпы алғанда, Көлік министрлігі әуе компанияларымен және әуежай қызметтерімен бірлесіп, өсіп келе жатқан жолаушылар ағынына сапалы, жайлы әрі жедел қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бойынша тұрақты жұмыс жүргізуі керек.

Жалпы үйлестіру жұмысы Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевқа жүктелді.



"WORLD SKILLS ZHETYSU – 2026": ЖАС МАМАНДАР ШЕБЕРЛІГІ СЫНАЛҒАН ДОДА



2026 жылдың 12–15 мамыр күндері аралығында Жетісу өлкесінде техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының студенттері арасында «WorldSkills Zhetysu – 2026» аймақтық чемпионаты салтанатты жағдайда ұйымдастырылып, жоғары деңгейде мәресіне жетті.

Бұл айтулы дода — облысымызда 20215 жылдан бері өз жалғасын тауып жұмысшы мамандықтарының мәртебесін асқақтатуға, жас екпінді мамандардың кәсіби шеберлік көжиегін кеңейтуге және халықаралық стандарттарға сай келетін бәсекеге қабілетті білікті кадрларды шыңдауға бағытталған бірегей алаңға айналды.

Заманауи мамандықтар шеруі мен қайнаған бәсеке. Биылғы айтулы чемпионатқа облыстың түкпір-түкпірінен келген жүздеген дарынды студент қатысып, 38 түрлі құзыреттілік бойынша өзара бақ сынасты. Жарыс алаңында бүгінгі еңбек нарығында сұранысқа ие заманауи және классикалық

мамандықтар тоғысты. Дүбірлі додада Ақсу агротехникалық колледжінің білім алушылары ерекше дайындықтарымен көзге түсіп, айтулы жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда, аспаздық ісі, тоңазытқыш және желдету техникасына қызмет көрсету, дәнекерлеу технологиясы, электромонтаж, зертханалық және химиялық талдау ісі секілді заманауи және сұранысқа ие мамандықтар қамтылды. Намысты қолдан бермеген 5 құзыреттілік бойынша қатысқан студенттер колледж абыройын асқақтаты. Сынақ барысында үміткерлер өздерінің терең теориялық білімдері мен ұшқыр практикалық дағдыларын ұштастырып, күрделі кәсіби тапсырмаларды халықаралық талаптар үдесінен шыға отырып орындап шықты. Әрбір қатысушының қадамын жіті бақылаған тәжірибелі сарапшылар бағалап, жұмыстың орындалу жылдамдығына, сапасына, шығармашылық ерекшелігіне және кәсіби мәдениетіне жоғары баға берді.

Ақсу агротехникалық колледжінің жарқын жеңісі: 1) Алиев Дени – «Аспаздық ісі» құзыреттілігі бойынша өзінің ерекше талантымен оқ бойы озық шығып, «Үздік маман» атағын иеленді. (Жетекшісі: Темирханова Гульзат Төлеужанқызы).

2) Ержанұлы Әділхан – «Дәнекерлеу технологиялары» бағытында шеберлігін дәлелдеп, үздіктер төрінен көрініп «Үздік маман» атағын иеленді. (Жетекшісі: Абдықаликов Болатқали Кназбекұлы).

3) Дюсебаева Айтқолын – «Зертханалық және химиялық талдау» құзыреттілігі бойынша жүлделі III орынды қанжығасына байлады. (Жетекшісі: Советбекова Айзада Асхатқызы).

4) Ілясұлы Елнұр – «Тоңазытқыш және желдету техникасына қызмет көрсету» бағытында үздіктер қатарынан көрініп, III орынға ие болды. (Жетекшісі: Ерлан Ержанұлы). Жетістікке жеткен жас қырандарды марапаттау рәсімі де жоғары деңгейде өтті. Жетісу облысының білім басқармасы басшысы жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен марапаттарды салтанатты түрде табыс етті. Сондай-ақ, жастардың кәсіби қанат қағуына аймақ кәсіпкерлері де зор қолдау білдірді. Атап айтқанда, Ақсу ауданының «Батыр» ЖК, белгілі кәсіпкері А.С.Сауғанбаева жас мамандарға демеушілік көрсетіп, арнайы бағалы сыйлықтар ұсынды. Мұндай жанашырлық қолдау жастардың еңбекке деген құлшынысын арттырып, таңдаған мамандықтарына деген сүйіспеншіліктерін еселей түскені сөзсіз. «WorldSkills Zhetysu – 2026» аймақтық чемпионаты — өңір жастарының шығармашылығын ашатын, еңбек нарығындағы сұранысқа ие нағыз майталмандарды тәрбиелейтін және техникалық-кәсіптік білім беру жүйесінің беделін жаңа белеске көтерген маңызды әрі мазмұнды тарихи алаңға айналды. Болашақ — жұмысшы маман иелерінің қолында!

Дәуболат НҮСІПОВ,
колледж директоры.

АУЫЛҒА АДАЛ ҚЫЗМЕТ – ЕЛГЕ ҮЛГІ

Елдің ең үлкен байлығы — туған жеріне адал қызмет етіп, халықтың алғысын арқалаған азаматтар. Осындай ел сеніміне ие болып, ауыл тұрғындарының құрметіне бөленіп жүрген абзал жандардың бірі — Есімқұлова Лида Қыдырмақызы.

Лида Қыдырмақызы 1966 жылдың 15 маусымында Қарашілік ауылында дүниеге келген. Балалық шағынан білімге құштар болып өскен ол 1973 жылы Ақсу мектеп-интернатының 1-сыныбын тәмамдап, кейін Жансүгір мектеп-интернатында білімін жалғастырды. 1981–1983 жылдары Сағабүйен ауылындағы мектепте оқып, орта білім алды.

Еңбек жолын жастайынан бастап, 1983–1984 жылдары туған ауылында комсомол бригадасында шопан болып еңбек етті. Бұл — сол кезеңдегі жастардың ел ісіне араласып, еңбекпен шындалғанының жарқын көрінісі еді. Жауапкершілік пен табандылықты жастайынан бойына сіңірген Лида Қыдырмақызы кейін адам өміріне араша болатын қасиетті мамандықты таңдады.

1984 жылы Талдықорған қаласындағы медицина колледжінде фельдшер мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1987 жылы абыроймен аяқтап шықты. Сол жылы Талдықорған тубдиспансерінің урология бөлімінде медбике болып еңбек жолын бастады. 1988 жылы шаңырақ көтеріп, бүгінде өнегелі отбасының алтын діңгегіне айналды. Қазіргі таңда 4 баланы тәрбиелеп өсіріп, 9 немеренің ардақты әжесі атанып отыр.

1988 жылдан бастап Кербұлақ ауданы Қоғалы ауылындағы жедел жәрдем бөлімінде фельдшер қызметін атқарды. Ал 1994 жылдан бері Қарашілік ауылындағы медициналық пунктте халыққа қалтқысыз қызмет етіп келеді. Бұл — бір ауылдың ғана емес, тұтас өңірдің денсаулығына сіңген өлшеусіз еңбек.

Лида Қыдырмақызының еңбек жолына көз жүгіртсек, оның қарапайымдылық пен кәсібіне адалдықтың айқын үлгісі екенін көреміз. Тәуліктің қай мезгілі болса да, ауыл тұрғындарының денсаулығы үшін аянбай еңбек етіп келе жатқан жанды ауыл халқы ерекше құрметтейді.



Қаншама сәбидің өмірге аман келуіне себепкер болып, талай жанға алғашқы көмек көрсетіп, ақ халаттың абыройын асқақтатып келеді.

Сонымен қатар ол — «AMANAT» партиясының белсенді мүшесі. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ауылдың бірлігі мен берекесін нығайтуға өз үлесін қосып жүрген азамат. Оның өмір жолы — еңбек пен елге қызмет етудің, адамгершілік пен жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

Бүгінгі күні партиямыздың басты мақсаты — елмен бірге болып, халыққа қызмет ететін азаматтарды қолдау. Осындай елге сыйлы, халыққа қадірлі жандардың өнегелі өмірі жастарға бағыт-бағдар береді. Лида Қыдырмақызы сынды еңбек адамдарының өмір жолы ауыл тұрғындарын қоғамдық іске белсенді араласуға, ел болашағына бейжай қарамауға үндейді.

Қарашілік бастауыш партия ұйымы алдағы уақытта да ауылымыздың дамуына үлес қосып жүрген азаматтарды насихаттап, ел бірлігін нығайту жолында аянбай еңбек ете береді. Себебі ауылдың тірегі — осындай елге жанашыр, халыққа адал қызмет ететін азаматтар.

Еңбекпен есейіп, ел алғысына бөленген Лида Қыдырмақызына зор денсаулық, отбасы амандығын және ұзақ ғұмыр тілейміз. Халықтың ықыласына бөленген абзал жанның еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Сапарғали ТЕМІРБЕКОВ,
Қарашілік бастауыш партия
ұйымының төрағасы.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жетісу облыстық мәслихатының депутаты ретінде 2025 жылы атқарылған жұмыстар бойынша сайлаушылар алдында есеп беру — мен үшін үлкен жауапкершілік әрі халық сенімінің айқын көрінісі.

Өткен жылы облыстық мәслихаттың 4 кезекті және 5 кезектен тыс сессия отырыстарына қатысып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты маңызды мәселелерді талқылауға атсалыстым. Сонымен қатар, денсаулық сақтау, білім, халықты әлеуметтік қорғау, мәдениет, ішкі саясат және спорт мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия мүшесі ретінде комиссияның 5 отырысына қатысып, ауыл мектептерін сақтап қалу, оқушы санының азаюына байланысты білім ошақтарының жабылуына жол бермеу мақсатында нақты ұсыныстар енгіздім.

Сондай-ақ, Панфилов ауданындағы «Қарлығаш» балабақшасына күрделі жөндеу жүргізуге қаражат бөлу мәселесін көтеріп, әлеуметтік нысандардың жай-күйіне ерекше назар аудардым.

Халықпен тікелей байланыс — депутат жұмысының басты бағыты. Жыл барысында 3 қоғамдық қабылдау өткізіліп, 7 азаматтың өтініштері қаралды. Қамғыбас иттерді аулау, тұрғын үй кезегі, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көмек көрсету, жас мамандарды жұмыспен қамту мәселелері бойынша заң аясында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, Ойтоған ауылына мәдениет үйін салу және аудан аумағындағы облыстық маңызы бар жолдарда ауыр жүк көліктерінің қозғалысын түнгі уақытта шектеу мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік органдарға

ЕЛ СЕНІМІ – ЕҢ ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК



депутаттық сауалдар жолданды. Аудан тұрғыны Г.Өмірсерікованың «AMANAT» партиясының қатарына қабылдануына ықпал етіліп, мәселе оң шешімін тапты.

Білім беру нысандарының жаңа оқу жылына дайындығын бақылау мақсатында облыстық және аудандық мәслихат депутаттарымен бірге Ақсу ауданындағы 9 мектепке мониторинг жүргізілді. Нәтижесінде мектептердің өрт қауіпсіздігі жүйелерін жаңарту және жөндеу бойынша нақты ұсыныстар берілді. Мәселен, М.Мәметова атындағы орта мектептің өрт қауіпсіздігін ескерту жүйесін жөндеу және Көшкентал орта мектебіндегі ескі ғимараттағы

жүйені жаңа мектепке көшіру мәселелері көтерілді.

Жыл бойы 17 округ бойынша сайлаушылармен есептік кездесулер өткізіліп, тұрғындардың өзекті мәселелері тыңдалды. Кездесулер барысында көтерілген бірқатар маңызды мәселелер оң шешімін тапты. Атап айтқанда, Ақсу — Жаңалық ауылы бағытындағы автомобиль жолына, Қарасу ауылдық округі көшелеріне және Алматы — Өскемен тас жолынан Көшкентал ауылына дейінгі 28 шақырым жолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Сонымен бірге Матай ауылының

кіреберіс көшесіне жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, Қызылғаш ауылындағы көпқабатты тұрғын үй мен «Нұршуақ» балабақшасының шатырлары толық ауыстырылды.

Сайлаушылардың өтініштері негізінде жыл ішінде 6 депутаттық сауал жолданып, тиісті басқармалардан нақты жауаптар мен шешу жолдары алынды.

Депутат ретінде сайлау округіндегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталған Жол картасы аясында 2025 жылы 4 ірі мәселе толық орындалды. Атап айтқанда:

- Көлтабан ауылындағы Көлтабан орта мектебіне күрделі жөндеу жүргізілді;
- Қапал ауылында 10 жалдамалы тұрғын үй салынды;
- Жансүгіров ауылындағы Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясына күрделі жөндеу жасалды;
- Көкжайдақ ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт салынды.

Бүгінде ақпараттық ашықтық та депутат жұмысының маңызды бөлігіне айналды. 2025 жылы Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі жеке парақшаларында депутаттық қызметке қатысты 102 ақпараттық материал жарияланып, облыстық «Жетісу» және аудандық «Ақсу өңірі» газеттерінде 4 мақала жарық көрді.

Халықтың сенімі — әр депутат үшін ең үлкен міндет. Алдағы уақытта да ел игілігі жолында бірлесіп еңбек етіп, өңіріміздің өркендеуі мен тұрғындардың әлауқатын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табады деп сенемін. Бірлігіміз бекем, елдігіміз мәңгі болсын!

Данияр АХМОЛДАЕВ,
облыстық мәслихат депутаты.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ АҚСУ АУДАНЫ, ҚАПАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША 2026 ЖЫЛҒЫ 17 МАМЫРДАҒЫ САҒАТ 18.00-ГЕ КАНДИДАТТАРДЫҢ ТІРКЕЛУІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2026 жылғы 17 мамыр сағат 18:00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қапал ауылдық округі әкіміне кандидаттарды тіркеу аяқталды.

2026 жылғы 17 мамыр сағат 18:00-дегі жағдай бойынша Қапал ауылдық округі әкіміне келесі кандидаттар тіркелді:

№ п/п	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
Қапал ауылдық округі			
1.	11.02.1977	Бас инспектор, «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» ММ, Жансүгіров ауылы, Есеболатов көшесі №3 үй.	Өзін-өзі ұсыну
2.	17.02.1994	Бөлім басшысы, «Ақсу ауданының кәсіпкерлік бөлімі» ММ, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Рахимбеков көшесі №32	Өзін-өзі ұсыну
3.	07.01.1994	Әкім, «Қапал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Ақсу ауданы, Қапал ауылы, М.Алыбаев №24 кв 9 -пәтер	Өзін-өзі ұсыну

Сайлауға дайындық жұмыстары жалғасуда.

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

ҚАПАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ӘБІЛХАМИТ ЕРЛАН САМАТҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Әбілхамит Ерлан Саматұлы, 1994 жылы, 17 ақпанда Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгір ауылында дүниеге келдім.

Білімім жоғары. 2015 жыл - I.Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетін экология мамандығы және 2018 жыл - Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша білім алдым.

Еңбек жолымды 2016 жылы "Жаңалық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы. 2016 жылы желтоқсан айынан 05.08.2018 "Суықсай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маман - салық инспекторы.

2018 жылдың тамыз айынан "Ақсу ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы, 2020 жыл тамыз айынан "Ақсу ауданының кәсіпкерлік бөлімі" ММ бас маманы болып қызмет атқардым.

2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін "Ақсу ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болып жұмыс істеймін.

ҚАПАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ӘБІЛХАМИТ ЕРЛАН САМАТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУ АЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Елді мекенде көшелерге санитарлық тазалау жұмыстарын жүргізу
2. Су құбыры тарту жұмыстарынан кейін қалған тастарды шығару және аумақтарды ретке келтіру
3. Салық түсімдерін уақытылы қамтамасыз ету және салықтық тәртіпті күшейту
4. Инвесторларды тарту және инвестициялық жобаларды қолдау
5. Суармалы жер мәселелерін шешу және тиімді пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру
6. Елді мекендерді абаттандыру және инфрақұрылымды жақсарту
7. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау камераларын орнату

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта Қапал ауылдық округіндегі мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2026 жылдың 7 маусым күні сайлау учаскелеріне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

ҚАПАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ЖАРЫЛҚАСЫН ЖАЛҒАС ЖАРАСҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Жарылқасын Жалғас Жарасұлы, 1994 жылы 7 қаңтар күні Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қапал ауылында дүниеге келдім.

Білімім жоғары. 2011-2016 жылдары Қазақ Ұлттық аграрлық университетінде «ветеринарлық дәрігер» мамандығы бойынша білім алдым.

Еңбек жолымды 2017 жылы Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылында ветеринарлық пунктінде ветеринарлық дәрігер қызметін атқардым. 2018-2022 жылдар аралығында «Қапал ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне бас маман болып жұмыс істедім. 2022 жылдан осы уақытқа дейін Қапал ауылдық округінде округ әкімі болып жұмыс атқардым.

Жанұялымын, 1 баланың әкесімін.



ҚАПАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ЖАРЫЛҚАСЫН ЖАЛҒАС ЖАРАСҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қапал ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде ел мүддесіне қызмет атқаруға және Қазақстан Республикасының заңдарымен нормативтік құқықтық актілерін сақтай отырып, мына мәселелерге назар аударамын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен жолдауларының ауылдық округте іске асыру;
- Қапал ауылдық округінің басты саласы ауылшаруашылығы болғандықтан ауылшаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал ететін;
- Мал шаруашылығын одан әрі дамыту бағытында округтегі ірі қара малдарды асыл тұқымды бағытына ауысуына барынша атсалысамын;
- «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік жағынан қолдау, жұмыссыздықты азайту, жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу, жаңадан жұмыс орындарын ашуға жұмыстар жүргіземін. (Мал бордақылау алаңдары, Тігін цехы, шаштараз.)
- Ауылға білім және медицина саласына білікті маманның келуін қамтамасыз етіп, ауылдық аурухананың күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге ат салысамын;
- Ауылда балаларға арналған жаңадан ойын алаңдарын салынуына ықпал ететін;
- Қапал ауылының асфальт қабаты жоқ 21 көшеге жалпы ұзындығы 11 264 метр құрайтын көшелерге жол төсеу жұмыстарын үйлестіремін;
- Көше жарық шамдары жоқ немесе жартылай жоқ 24 көшеге 500 жарық шамдарын орнатуға себеп боламын;
- Қапал ауылының көше бойында орналасқан бұзылған 7 ғимараттың орнына тазалау жұмыстарын жүргізу
- Қапал ауылдық округінің туристік әлеуетін арттыру мақсатында инвестиция тарту арқылы жаңа мүмкіндіктер ашу бойынша жұмыстар жүргіземін;
- Ауыл ішінде орналасқан ауыл тұрғындарының бордақы алаңдарын ауыл шетіне шығарып, орналастырылуын ұйымдастырамын;
- Ауыл тұрғындарының бау-бақшаларын, жеміс-жидектерін суғаратын арық жүйесін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге ықпал ететін;
- «Инженер тоған» каналын қайта іске қосуға, 10750 метр «Зауре тоған» каналын қайта іске қосу үшін жұмыстар жүргіземін;
- «Ауыл аманаты» тағы сол сияқты бағдарламалар бойынша ауыл тұрғындарына төменгі пайызбен несие алуға көмектесемін;
- Көпбалалы, мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған отбасыларға арналған тұрғын үйлер салынуына жұмыстар жүргіземін;
- Қапал ауылының орталық алаңын абаттандыру және халыққа қолайлы жағдай жасауға септігімді тигіземін;

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта осы ауылдағы мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2026 жылдың 7 маусым күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!



ҚАПАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ҚАЛИЕВ ТАЛҒАТ КӨШЕРБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Мен ҚАЛИЕВ Талғат Көшербайұлы 11.02.1977 жылы туғам, туған жерім Алматы облысы, Ақсу ауданы ауданы, Жансүгіров ауылы. 2019 жылдың 10 қыркүйегінен «Ақсу ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы міндетін уақытша 2020 жылдың 11 маусымға дейін атқардым. 2020 жылдың 12 маусымынан бастап «Ақсу ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маман лауазымына тағайындалдым. 2024 жылдың 17 қаңтарда өз еркімнен жұмыстан босатылдым. 2024 жылдың 17 қаңтардан бастап "Ақсу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) бөлімшесінің басшысы лауазымына тағайындалып ол жерде 2024 жылдың тамыз айының 08-не дейін қызмет атқардым. 2024 жылдың тамыз айының 09-нан бастап "Ақсу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жалпы бөлімшесінің бас инспекторы лауазымында қызмет атқарудамын.



ҚАПАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ҚАЛИЕВ ТАЛҒАТ КӨШЕРБАЙҰЛЫНЫҢ САЙЛАУ АЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу және көше инфрақұрылымын жаңарту
2. Жастарды қолдау және жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыру
3. Көшелерді жарықтандыру жүйесін жаңарту
4. Ауыз су сапасын жақсарту және сумен қамту жүйесін жетілдіру
5. Шағын және орта бизнесті дамытуға қолдау көрсету
6. Балаларға арналған ойын алаңдары мен спорт алаңдарын салу
7. Әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету және әлеуметтік бағдарламаларды күшейту
8. Экологиялық жағдайды жақсарту және жасыл аймақтарды көбейту

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта осы ауылдағы мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2026 жылдың 7 маусым күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДАМУЫНА ТӨНГЕН ЕҢ ҮЛКЕН ҚАТЕР

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС – ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ

Құрметті аудан тұрғындары!

Бүгінгі таңда еліміздің дамуына, халықтың өл-ауқатына және мемлекетіміздің болашағына қауіп төндіретін ең өзекті мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық. Бұл – тек заң бұзушылық қана емес, ол қоғамның сенімін әлсірететін, әділдікті аяққа таптайтын, адал еңбек пен таза ниеттің қадірін кетіретін қауіпті құбылыс.

Мемлекет басшысы әділетті қоғам құруды басты бағыттардың бірі ретінде айқындап отыр. Әділетті Қазақстанды қалыптастыру жолында әрбір азаматтың санасы, жауапкершілігі мен ұстанымы ерекше маңызға ие. Себебі жемқорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – бүкіл қоғам болып атқаратын ортақ іс.

Сыбайлас жемқорлық ең алдымен халық пен билік арасындағы сенімге сызат түсіреді. Азаматтар заңның үстемдігіне емес, таныс-тамырлық пен параға жол берілгенін көрсе, олардың мемлекетке деген құрметі төмендейді. Ал сенім жоғалған жерде даму да, тұрақтылық та болмайды. Сондықтан қоғамдағы әділдік пен ашықтық – кез келген өркениетті мемлекеттің басты тірегі.

Біздің ауданымызда да мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету, халықпен кері байланысты күшейту, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын бақылау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік қызмет – мансап емес, халыққа қызмет ету екенін әрбір қызметкер терең түсінуі тиіс. Ел сенімін арқалау – үлкен жауапкершілік.

Қазақ халқы ежелден адалдықты, ар-ұятты, әділдікті жоғары қойған. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген сөз – халқымыздың әділдікке деген көзқарасының айқын дәлелі. Біздің ұлттық болмысымыз жемқорлыққа емес, адал еңбек пен таза ниетке негізделген. Сондықтан пара беру мен пара алуды қалыпты құбылыс ретінде қабылдау – ұлттық құндылықтарымызға қайшы.

Өкінішке қарай, кей жағдайда адамдар мәселені заң аясында шешудің орнына, «оңай жолды» іздеп жатады. Алайда бір сәттік пайда болашақ ұрпақтың тағдырына, елдің дамуына кері әсер етуі мүмкін екенін ұмытпауымыз керек. Жемқорлық жайлаған қоғамда білім сапасы төмендейді, медицина әлсірейді, кәсіпкерлікке кедергі көбейеді, жастардың әділдікке деген сенімі жоғалады.


Өсіресе жас буынға дұрыс тәрбие беру – аса маңызды міндет. Егер бала адалдықты отбасынан, әділдікті қоғамнан көріп өссе, ол ертең елге жанашыр азамат болады. Сондықтан жемқорлыққа қарсы мәдениет мектептен, отбасынан, күнделікті өмірден басталуы тиіс.

Біз қоғам болып заңға құрметпен қарауды, адал еңбек етуді, жауапкершілікті бірінші орынға қоюымыз қажет. Әрбір азамат өзінің әрекеті арқылы ел болашағына ықпал ететінін сезінуі керек. Пара бермеу де – азаматтық ұстаным. Әділетсіздікке үнсіз қалмау да – нағыз отаншылдықтың белгісі.

Қадірлі жерлестер!
Таза қоғам – болашақ ұрпаққа қалдыратын ең үлкен мұра. Біз бірлесе отырып қана жемқорлықтың жолын кесіп, әділ өрі дамыған қоғам қалыптастыра аламыз. Әрбір ісіміз адалдыққа негізделсе, мемлекетіміздің де мерейі үстем болады.

Адалдық – адамдықтың белгісі.
Әділдік – мемлекеттің тірегі.
Ал жемқорлыққа қарсы күрес – әр азаматтың ар алдындағы парызы.

**Ізгі тілекпен,
Берік ТЫНЫШБАЕВ,
аудан әкімі.**



Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы —

Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне сеітпін тигізуде.

Басқарманың мемлекеттік қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды уақтылы анықтау және жолын кесу үшін мамандар арасында заңсыз әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардың шағымдары үшін арнайы жәшік орнатылған, сондай-ақ, мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ.

Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық. Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Басқарманың мемлекеттік қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды уақтылы анықтау және жолын кесу үшін мамандар арасында заңсыз әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардың шағымдары үшін арнайы жәшік орнатылған, сондай-ақ, мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ.

Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

**Б.ЖАҚСЫБАЕВА,
Кеңжыр ауылдық кітапханасының кітапханашысы.**

АШЫҚТЫҚ, БАҚЫЛАУ, ТИІМДІЛІК:

QALQAP ПЛАТФОРМАСЫ МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОҒАМ ДАМУЫНА ТӨНГЕН ЕҢ ҮЛКЕН ҚАТЕР

Әлеуметтік медициналық сақтау жүйесін қаржыландыру бағытында ауқымды цифрлық жаңғырту басталғанын жариялады. Трансформацияның негізгі құралына айналған Qalqap платформасы «МӘМС 2.0» моделінің технологиялық негізі ретінде енгізілуде.

Қазір Қор тарапынан денсаулық сақтау саласын қаржыландыру тетіктерін кезең-кезеңімен жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Оның басты мақсаты – МӘМС жүйесі қаражатын пайдалану кезінде ашықтықты, басқаруды және тиімділікті арттыру.

Qalqap денсаулық сақтауды қаржыландырудың бірыңғай порталы аталған жұмыстың технологиялық негізі болмақ. Платформа медициналық қызметтерді есепке алу, тексеру және төлеу сияқты қаржылық үрдістерді автоматтандыруға арналған. Бұл ретте ол медициналық ақпараттық жүйелерді алмастырмайды және емдеу-диагностикалық процестеріне әсер етпейді.

Сонымен қатар, платформаны енгізу қолданыстағы мемлекеттік цифрлық инфрақұрылым негізінде жүзеге асырылатынын және денсаулық сақтау жүйесі үшін қосымша шығындарды талап етпейтінін атап өткен жөн.

«Қазіргі таңда Қордың қызметі толық емес, тек жекелеген бағыттар бойынша ғана цифрландырылған әрі жүйесіз сипатта жүзеге асырылып отыр. Қолданыстағы ақпараттық жүйелер жекелеген үдерістерді автоматтандыра алмай, олардың арасында өзара байланыс жеткіліксіз. Соның салдарынан операциялардың біршама бөлігі әлі де қолмен орындалып, негізгі шешімдер әртүрлі, өзара үйлеспейтін деректерге сүйене отырып қабылданады. Осы ретте Қордың алдында басқарудың толыққанды цифрлық моделіне көшу міндеті тұр, – деп атап өтті Индира Ерденова.

Qalqap платформасын іске қосу

Қордың әдіснамалық қолдауымен «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ тарапынан кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Бірінші кезеңде келесі жұмыстар атқарылды:

- деректерді автоматты түрде тексеру отырып, медициналық ұйымдардың электрондық дерекқорын қалыптастыру;

- пациенттерді цифрлық сәйкестендіру жүйесі (Face ID, QR арқылы растау) іске қосылды;

- денсаулық сақтау саласындағы негізгі ақпараттық жүйелермен интеграция қамтамасыз етілді.

Осы жылдың 17 сәуірінде Астана қаласы әкімдігінің «№1 қалалық емхана» ШЖҚ МКК-не көрсетілген қызметтер үшін төлем Qalqap платформасы арқылы жүзеге асырылды. Екінші кезеңде жүйені кең ауқымда енгізу, медициналық ұйымдарды санаттарға бөлу алгоритмдерін іске қосу және сол санаттарға сәйкес қаржыландыру, сондай-ақ талдау және болжау құралдарын, оның ішінде ақауларды бақылау мен талдауға арналған жасанды интеллект элементтерін енгізу жоспарланды. Бұл жұмыстар 2026 жылдың соңына дейін аяқталады.

«Qalqap платформасын енгізу – бұл жай ғана IT құралын ауыстыру емес, денсаулық сақтау ресурстарын басқарудың сапалы жаңа деңгейіне көшу. Біз алдын ала бақылауды енгізіп отырмыз: жүйе шот қалыптастыру кезеңінде-ақ сәйкессіздіктер мен ақауларды автоматты түрде анықтайды. Адал жұмыс істейтін клиникалар «жасыл дәліз» деп белгіленіп, соған сай төлемдерді уақтылы алса, мемлекет үшін МӘМС қаражатының нақты көрсетілген медициналық көмекке жұмсалыуына көпіндік береді», – деп атап өтті Индира Ерденова.

Ең маңызды жаңашылдықтардың бірі – «халықтық бақылау» құралдарын іске қосу болмақ. Осы бағытта Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі және Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігі бірлесіп, eGov Mobile қосымшасында арнайы сервистерді енгізу жұмыстарын жүргізуде.

Азаматтар үшін қандай өзгерістер болады:

- QR арқылы растау: Пациент көрсетілген қызметті QR-код арқылы растай алады. Бұл «жалған жазбаларға» тосқауыл қояды, себебі көрсетілмеген қызмет үшін төлем жасау мүмкін болмайды.

- Қызметтердің цифрлық профилі: Жеке кабинетте нақты адамға көрсетілген медициналық қызметтер үшін Қор тарапынан жасалған төлемдер туралы ақпарат болады.

- Кері байланыс: Азаматтар өтініштерді жедел жолдап, артық немесе қате аударылған жарналарды смартфон арқылы қайтару мүмкіндігіне ие болады.

Қорда атап өткендей, Qalqap платформасы қолданыстағы мемлекеттік инфрақұрылым негізінде (ҚР Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік тізілімі» ақпараттық жүйесі) енгізілуде, бұл денсаулық сақтау бюджетіне қосымша салмақ түсірмейді.

Деректер қауіпсіздігі – басты басымдықтардың бірі. Платформа диагноздар мен емдеу барысы туралы мәліметтерді сақтамайды – бұл ақпарат медициналық ұйымдардың қорғауында қалады. Qalqap тек қорғалған мемлекеттік байланыс арналары арқылы қаржылық-талдамалық деректермен жұмыс істейді.

Qalqap платформасы МӘМС жүйесінің «цифрлық қалқанына» айналады. Ол пациенттердің құқықтарын қорғап, қызметтердің ашықтығын қамтамасыз етеді, адал бизнеске төлемдерді автоматтандыру арқылы қолдау көрсетеді және мемлекетке денсаулық сақтау саласындағы шығындарды тиімді бақылауға мүмкіндік береді.

«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САТҚАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ.

"Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсы

«Мерейлі отбасы» облыстық ұлттық конкурсы

Өтінімдерді қабылдау: 2026 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

2026 жылғы 15 мамыр «Халықаралық отбасы күні» – мен 15 маусым күндері аралығында жыл сайынғы «Мерейлі отбасы – 2026» ұлттық байқауына қатысу үшін өтінімдерді қабылдау басталды.

Мерейлі отбасы ұлттық конкурсы отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды, көмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын дәріптеу және кеңінен насихаттауға, Қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттауға бағытталған.

Конкурсқа мүшелерінің еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері бар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке қатысатын (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) Ақсу ауданының отбасылары қатыса алады.

Толық ақпаратты аудандық, ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімдерінен алуға болады. #otbasym2026.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУЫ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ.

ОТАН БАРША ЖҮРЕКТІҢ МЕКЕНІ

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай Жаңалық ауылдық кітапханасында «Отан барша жүректің мекені» атты салтанатты ерлік сағаты өтті.

Бұл күн – елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін күзеткен, кешегі мен бүгінгінің батырларын ұлықтайтын айтулы мереке. Осыған орай ұйымдастырылған шараның басты мақсаты – ескелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді ұялатып, ерлік пен еңбектің қадірін түсіндіру болды.

Салтанатты жиынға ауылымыздың ардагерлері ауыл әкімі, ардагерлер алқасының мүшелері, ақ халатты абзал жандар – медицина қызметкерлері және ұлағатты ұстаздар қауымы қатысты.

Ерлік тек майдан даласында ғана емес, бейбіт күндегі еңбекте де көрініс табады. Осы ретте шараға арнайы шақырылған медиктер мен мұғалімдердің орны бөлек болды.

• Ұстаздар қауымы – жас ұрпаққа білім нәрін сеуіп, саналы азамат тәрбиелеу жолындағы еңбегі үшін;

• Медицина қызметкерлері – адам өмірі мен денсаулығын арашалап, ерқашан алдыңғы шепте жүретін жанқиярлығы үшін ерекше құрметке ие болды.

«Отанды сүю – оның әрбір азаматын, табиғатын,



мәдениетін құрметтеуден басталады. Бүгінгі шараға қатысып отырған ардагерлеріміздің өмір жолы, ұстаздарымыздың тәлімі мен дәрігерлеріміздің еңбегі – шынайы патриотизмнің жарқын үлгісі»

Шара барысында мектеп оқушылары мен өнерпаздар Отан, ерлік, батырлық туралы патриоттық әндер шырқап, өлеңдер оқыды. Жиын соңында ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген бірқатар азаматтарға алғыс хаттар табыс етілді.

Шара соңында Ақсу аудандық кітапхана директоры Елубаева Айна Шегеқызы қортынды сөз сөйледі.

«Отан барша жүректің мекені» атты ерлік сағаты қатысушыларға рух беріп, елге, жерге деген сүйіспеншілікті арттырған тағылымды кеш ретінде есте қалды.

Б.ҚАМЕТЖАНОВА,
Жаңалық ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Құттықтаймыз!



Құрметті Мұхаметқалиева Самал Садақбайқызы!

Сізді мерейлі 50 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы айтулы белес – өмірлік тәжірибе мен даналықтың, абыройлы еңбек пен сый – құрметтің айқын көрінісі. Сіз аудандық кірістер басқармасындағы жауапты қызметіңізді үлкен кәсібилікпен, табандылықпен және адамгершілікпен атқарып келесіз. Ұжым арасында беделіңіз жоғары, әріптестеріңізге әрдайым қолдау көрсетіп, ақыл – кеңесіңізді аямайсыз.

Сіздің еңбекқорлығыңыз, іскерлігіңіз бен парасаттылығыңыз баршаға үлгі. Жарқын жүзіңіз, сабырлы мінезіңіз бен мейірімді жүрегіңіз ұжымға ерекше жылулық сыйлайды.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, бақ - береке тілейміз!

Еңбегіңіздің жемісін көріп, әр күніңіз қуаныш пен шаттыққа толы болсын! Мерейіңіз үстем болып, алар асуларыңыз көп болғай!

Елу деген – ес тоқтату, есею, Елу деген – елдің жүгін көтеру. Туған күнмен құттықтаймыз

өзіңді, Қанжығаңа ілінсін деп қос елу. Самал жан, сүйіндірді

нар талабың, Халқыңның ақ алғысын арқаладың.

Жаныңның жақсылығы шуақ шашып, Бөленсін бақыт - нұрға шартарабың.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН, ӘРІПТЕСТЕРІ, АУДАНДЫҚ КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҰЖЫМЫ.

МЕЙІРІМ МЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ - ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Баршаңызды ұлық мейрам – Құрбан айттың келуімен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын! Әрбір отбасыға амандық пен саулық, береке мен бірлік тілеймін.

Құрбан айт тек діни мереке ғана емес, ол – адамгершілік құндылықтарды дәріптейтін ерекше күн. Бұл күні адамдар бір-біріне жақсы тілектер айтып, ренжіскен жандар татуласады. Үлкендерге құрмет көрсетіліп, балаларға сыйлықтар беріледі. Сонымен қатар қайырымдылық жасау, жетім-жесірлерге көмектесу – мерекенің басты мағыналарының бірі.

Алла Тағала осы Қасиетті күндерде еліміз бен жерімізге берекесін жаудырып, Алла Тағала барша мұсылман қауымының құрбандық күндері шалған құрбандықтарын қабылдыққа жазып, атқарған әрбір ізгі амал-әрекеттеріне сауаптан жазғай!

Аудан имамы Анарбай ТАСБОЛАТҰЛЫ.

ҚҰРБАН АЙТТАҒЫ НЕГІЗГІ АМАЛДАР ЖАЙЛЫ

Мереке күні мұсылмандар таңертең ерте тұрып, ғұсыл – дәреттеніп, таза киімдерін киіп келіп мешіттерде айт намазын оқиды. Бұдан кейін жағдайы келетін адамдар құрбандық шалады. Құрбан шалудың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Айт намаздан бұрын шалынған мал құрбандық болып есептелмейді. Құрбандыққа жарамды малдар

Қой, ешкі, сиыр және түйе малдарын ғана құрбандыққа шалуға болады. Құрбан ретінде шалынатын қой және ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы керек. Басқа малдар, құстар құрбан ретінде сойылмайды.

Қой немесе ешкіні тек бір адам құрбан ретінде шала алады. Ал сиыр немесе түйені, яғни ірі қараны бір кісінің жалғыз өзі үшін шалуына болады. Сондай-ақ жеті кісіге арнап, ортақ шалуларына болады.

Мынадай кемшілігі бар малдар құрбандыққа жарамсыз болып саналады.

Бір көзі соқыр, Сойылатын жерге жете алмайтын дәрежеде көтерем Құлағы немесе құйрығы тумадан жоқ немесе басым бөлігі кесілген

Тістерінің көбі түсіп қалған

Емшектерінің басы жұлынып қалған Бір мүйізі немесе екеуі де түбінен сынған.

Құрбандық шалушы малды құбылаға қарата жатқызып, дұға ретінде мына аятты оқығаны абзал:

يَا أَيُّهَا جَمُّو يَكْفُرُونَ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّا جَعَلْنَا لِكُلِّ شَيْءٍ مِّمَّا تَعْبُدُونَ

Мағынасы: «Менің намазым да басқа ғибадаттарым мен өмірім де, өлімім де бүкіл әлемдердің Раббысы бір Аллаға арналады. Оның еш серігі жоқ» («Әнғам» сүресі, 162-аят).

Осыдан кейін:

اللّٰهُمَّ صَلِّ عَلَىٰ آلِ مُحَمَّدٍ وَعَلَىٰ آلِ أَبِي طَالِبٍ وَصَلِّ عَلَىٰ سَائِرِ الْمُسْلِمِينَ

«Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар лә илаһа иллаллаһу, Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар уа лиллаһил-хамд!» – деп, төкбір айтып, «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» – деп бауыздалады.

Бай немесе кедей болсын құрбан айтта шалған құрбандығының етін жеуіне болады. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – мұстахап. Бір бөлігі – туған туыс, көршілеріне бай болса да сыйға тартылады, екінші бөлігі – кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына беріледі. Бірақ шалынған малды түгелдей кедей-мұқтаждарға таратуға болатыны сияқты, түгелдей өзінің отбасына қалдыра алады.

МАМАН КЕҢЕСІ

ТЕМЕКІ – АДАМЗАТТЫҢ БАСТЫ ҚАСІРЕТІ

Темекі шегу – әлем бойынша миллиондаған адамның денсаулығын біртіндеп бұзатын және өмірін ерте аяқтайтын ең қауіпті зиянды әдеттердің бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, темекі жыл сайын 8 миллионнан астам адамның өліміне себеп болады.

Темекі түтінінің құрамына 4000-нан 7000-ға жуық түрлі химиялық компоненттер кіреді. Олардың ішінде ең қауіптілері: Никотин- Күшті тәуелділік тудыратын өсімдік уы. Оның 80-120 мг мөлшері адам үшін өлім дозасы болып саналады. Бір жылда темекі шегушінің өкпесі арқылы шамамен 800 г темекі шайыры өтеді, бұл өкпенің қарайып, қызметінің бұзылуына әкеледі. Қандағы оттегінің деңгейін төмендетіп, жүрекке күш түсіреді. 40-тан астам зат қатерлі ісік тудыруға қабілетті.

Темекі түтінінен зардап шекпейтін орган жоқ. Ол келесі аурулардың негізгі себепкері:

Өкпе обырының 90%-ы және созылмалы бронхиттің 75%-ы темекі шегумен байланысты.

Тамырлардың тарылуы (атеросклероз), инфаркт және инсульт қаупін бірнеше есе арттырады.



Асқазан жарасы, гастрит және ауыз қуысының, өңештің қатерлі ісігіне жол ашады.

Теріге ерте әжім түседі, тістер сарғайып, ауыздан жағымсыз иіс шығады. Шылым шегуші тек өз денсаулығына ғана емес, айналасындағы адамдарға да зиян келтіреді. Жанында тұрып түтінмен дем алатын «пассивті шегушілер» де жүрек және өкпе ауруларына шалдығу қаупіне ие болады.

Темекіден бас тартудың оң әсері бірден білінеді:

20 минуттан кейін: Пульс пен қан қысымы қалпына келе бастайды.

12 сағаттан кейін: Қандағы көміртек тотығының деңгейі төмендейді.

2 аптадан 3 айға дейін: Өкпе қызметі жақсарып, қан айналымы реттеледі.

Қорытынды түйін: Темекіден бас тарту – бұл саналы түрде жасалған тандау және салауатты болашаққа жасалған ең маңызды қадам. Кез келген жаста шылымды тастау ағза үшін пайдалы және өмір сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Гүлназ ЗАРЫҚПАЕВА,
аудандық орталық ауруханасының СӨС медбикесі.

БАСПАСӨЗ - 2026

АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне жазылу бағасы жарты жылға 2836 теңге.

Газет индексі: 65750

"АҚСУ Өңірі"

Меншік иесі - ЖШС

"Ақсу өңірі" газеті

Құрылтайшы, директор - бас редактор

ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.

Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2536



Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.



Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750

Офсеттік басылым көлемі 26 т.